



Е Р Е Ж Е

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ

«Әлкей Марғұлан атындағы
Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ
Академиялық кеңесінің шешімімен бекітілген
(2026 жылғы 30 шілдегі № 7 хаттама)

**«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті»
КеАҚ-да жасанды интеллектіні қолдану туралы
ереже**

Павлодар қ.

Алғысөз

1 Жұмыс тобымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

Жұмыс тобының жетекшісі – магистр, «Информатика» білім беру бағдарламасының жетекшісі Ельтинова Р.А.

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР: PhD, жоғары мектеп профессоры Абыкенова Д.Б.; п.ғ.к., жоғары мектеп профессоры Асаинова А.Ж.

3. ЖҰМЫС ТОБЫМЕН ПЫСЫҚТАЛДЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛДЫ:

Жұмыс тобының жетекшісі – магистр, аға оқытушы Ельтинова Р.А.; жұмыс тобының мүшелері: PhD, ЖМ профессоры Абыкенова Д.Б.; п.ғ.к., ЖМ профессоры Асаинова А.Ж.; «Информатика» білім беру бағдарламасының жетекшісі, «Информатика» ББ аға оқытушысы Нургазина Г.Ш.; ГҒЖМ аға оқытушысы, «Шетел тілі: екі шетел тілі» ББ Каримова А.О.; ПЖМ оқытушы-зерттеушісі, PhD докторы Каримова Р.М.; Академиялық офистің басшысы Жакиенова А.А.; Академиялық офистің жетекші әдіскері Уразбаева Г.А.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	5
3	Терминдер мен анықтамалар	7
4	Белгілер мен қысқартулар	9
5	Жасанды интеллектіні пайдаланудың негізгі қағидаттары	9
6	Жасанды интеллектіні білім беру, ғылыми және әкімшілік қызметте пайдалану қағидалары	12
7	Жасанды интеллектіні пайдалануды декларациялау және академиялық адалдықты қамтамасыз ету	21
8	Дербес деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздік	23
9	Университеттің білім беру үдерісінде интеллектуалды оқыту жүйелерін пайдалану	25
10	Университетте жасанды интеллектіні қолдануды қамтамасыз ету шаралары	27
11	ЖИ қолдану үдерісінің алгоритмі	32
12	Жасанды интеллект жүйелерін пайдалана отырып қабылданған шешімдер бойынша өтініштерді қарау тәртібі	33
13	Ережені сақтау бойынша жауапкершілік, бақылау және мониторинг	35
14	Келісу парағы	37
15	А қосымшасы. Жасанды интеллектіні пайдалану декларациясының нысаны	38
16	Б қосымшасы. Жасанды интеллектіні пайдалану деңгейлерінің матрицасы	40

1. Жалпы ережелер

1.1. «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ-да жасанды интеллектті қолдану туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) университеттің білім беру, ғылыми, әдістемелік, әкімшілік және басқарушылық қызметінде жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың мақсаттарын, қағидаттарын, қағидаларын, шектеулерін, жауапкершілігін және тәртібін айқындайтын университеттің жергілікті нормативтік актісі болып табылады. Ереже жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың бірыңғай ұйымдастырушылық, құқықтық, этикалық, әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық негіздерін белгілейді, сондай-ақ жасанды интеллект жүйелерін қолдану кезінде білім беру, ғылыми, әдістемелік және әкімшілік процестерге қатысушылардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін реттейді.

1.2. Осы ереже білім алушыларға, профессор-оқытушы құрамына, қызметкерлерге, университеттің құрылымдық бөлімшелеріне, сондай-ақ университеттің білім беру, ғылыми және әкімшілік процестеріне қатысатын өзге де тұлғаларға қолданылады.

1.3. Университетте жасанды интеллектті қолданудың мақсаты – Қазақстан Республикасының заңнамасына, академиялық адалдық қағидаттарына және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жасанды интеллект технологияларын тиімді, қауіпсіз, жауапты және этикалық пайдалану арқылы білім беру, ғылыми, әдістемелік, әкімшілік және басқарушылық қызметтің сапасын арттыру.

1.3.1. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешіледі:

- оқытуды дербестендіру және интеллектуалды білім беру технологияларын қолдану арқылы білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру;

- жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып ғылыми-зерттеу, әдістемелік, әкімшілік және басқарушылық қызметті жетілдіру;

- білім алушылардың, профессор-оқытушы құрамының және университет қызметкерлерінің цифрлық құзыреттерін және жасанды интеллект саласындағы құзыреттерін дамыту;

- жасанды интеллектті пайдалану кезінде академиялық адалдық қағидаттарының, этикалық нормалардың, дербес деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

- университет қызметінде жасанды интеллект технологияларын қауіпсіз, ашық және құқыққа сай пайдалануға жағдай жасау;

- цифрлық трансформация жағдайында инновациялық білім беру ортасын дамыту және университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

1.4. Университетте жасанды интеллект білім беру, ғылыми, әдістемелік, әкімшілік және басқарушылық қызметті қолдауға арналған көмекші құрал

ретінде қарастырылады. Жасанды интеллектіні пайдалану білім алушының, оқытушының, зерттеушінің немесе қызметкердің қабылданатын шешімдерге, қызмет нәтижелеріне және Қазақстан Республикасы заңнамасының, академиялық адалдық қағидаттарының және осы Ереженің талаптарын сақтауға қатысты кәсіби пайымы мен жеке жауапкершілігін алмастырмайды.

1.5. Университетте жасанды интеллектіні қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасына, академиялық адалдық, дербес деректерді қорғау, ақпараттық қауіпсіздік, авторлық және сабақтас құқықтарды сақтау, ашықтық, жауапкершілік және адам бақылауы қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

1.5.1. Жасанды интеллектіні пайдалану кезінде ықтимал құқықтық, этикалық, академиялық, технологиялық және ақпараттық тәуекелдер ескеріледі. Адам бақылауының деңгейі жасанды интеллект жұмысы нәтижелерінің білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарына, заңды мүдделеріне және академиялық мәртебесіне ықпал ету дәрежесіне сәйкес болуы тиіс.

1.6. Университет жасанды интеллектіні пайдалану тәжірибесін тұрақты жетілдіруді, оның ішінде ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіруді, қызметкерлер мен білім алушылардың құзыреттерін дамытуды, сондай-ақ жасанды интеллектінің жаңа технологияларына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді.

1.7. Осы Ереже талаптарының орындалуына жауапкершілік университеттің барлық құрылымдық бөлімшесіне, білім алушыларға, ОПОҚ-ға және қызметкерлерге олардың функционалдық міндеттері шегінде жүктеледі.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1. Нормативтік құқықтық негіздегі. Осы ереже төмендегі нормативтік құқықтық актілерге және ішкі құжаттарға сәйкес әзірленді:

– «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

– «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Заңы;

– «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы;

– «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ Заңы;

– Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ Цифрлық кодексі;

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (өзгерістер мен толықтыруларымен);

– Қазақстан Республикасының цифрландыру, білім беру және жасанды интеллектіні дамыту саласындағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттары;

– ҚР СТ 4010-2025 «Ақпараттық технологиялар. Жасанды интеллект. Жасанды интеллект тұжырымдамалары мен терминологиясы»;

– Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің Академиялық саясаты;

– Университеттің Академиялық адалдық кодексі;

– Студенттің ар-намыс кодексі;

– университеттің білім беру, ғылыми, әкімшілік қызмет, ақпараттық қауіпсіздік және сапаны қамтамасыз ету саласындағы ішкі нормативтік құжаттары.

2.2. Әдістемелік және ұсынымдық құжаттар. Осы ережені әзірлеу және іске асыру кезінде төмендегі әдістемелік және ұсынымдық құжаттардың ережелері де ескерілді:

– Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні қолдану жөніндегі жоғары оқу орындары арасындағы стандарт, «063 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің 25.06.2026 ж. өзгерістер мен толықтырулармен (екінші басылым) кеңейтілген отырысында қабылданған;

– ЮНЕСКО-ның жасанды интеллектінің этикалық аспектілері жөніндегі ұсынымдары (Recommendation on the Ethics of Artificial Intelligence, UNESCO, 2021);

– ЮНЕСКО-ның мұғалімдерге арналған жасанды интеллект құзыреттерінің құрылымы (AI Competency Framework for Teachers, UNESCO, 2024);

– ЮНЕСКО-ның білім беру мен ғылыми зерттеулерде генеративті жасанды интеллектіні пайдалану жөніндегі нұсқаулығы (Guidance for Generative AI in Education and Research, UNESCO, 2023);

– Пен С.Г., Маханбаева Н.Н. және т.б. Академиялық қызметте жасанды интеллектіні пайдалану жөніндегі нұсқаулық. – Астана: Академиялық адалдық лигасы, 2023.

2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген немесе жасанды интеллектіні қолдануды реттейтін жаңа нормативтік құқықтық актілер

қабылданған жағдайда, осы ереже тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін заңнамаға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

3. Терминдер мен анықтамалар

Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Жасанды интеллектіні пайдалану кезіндегі академиялық адалдық – жасанды интеллектіні пайдалану кезінде адалдық, дербестік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын сақтау; жасанды интеллектіні пайдалана отырып жасалған зияткерлік қызмет нәтижелерін тиісті түрде декларацияламай және дербес қайта өңдемей иемденуге жол бермеу.

Деректерді анонимизациялау – қосымша ақпаратты пайдаланбай дербес деректер субъектісін сәйкестендіру мүмкіндігін болдырмайтын дербес деректерді түрлендіру процесі.

Автоматтандырылған өңдеу – өңдеудің жекелеген немесе барлық кезеңдерінде адамның тікелей қатысуынсыз жасанды интеллект жүйесін пайдалана отырып деректерді өңдеу.

Автоматтандырылған бағалау – нәтижелерді өңдеудің жекелеген кезеңдерінде адамның тікелей қатысуынсыз жасанды интеллект жүйесін пайдалана отырып оқыту нәтижелерін бағалау; осы Ережеде көзделген жағдайларда міндетті кейінгі адам бақылауы қамтамасыз етіледі.

AI + X – X даярлау бағытын білдіретін жасанды интеллекті нақты кәсіби салада қолдану моделі: педагогика, құқық, медицина, экономика, инженерия, өнер, гуманитарлық ғылымдар және басқа да салалар.

Үлкен тілдік модель (Large Language Model, LLM) – мәтіндік деректердің үлкен массивтерінде оқытылған және табиғи тілдегі ақпаратты өңдеуге, талдауға және генерациялауға арналған жасанды интеллект моделі.

Жасанды интеллект галлюцинациясы – жасанды интеллект жүйесінің шындыққа ұқсас, бірақ нақты тұрғыдан қате, расталмаған немесе сенімсіз нәтиже қалыптастыруы.

Генеративті жасанды интеллект – мәтін, кескін, бағдарламалық код, аудио-, бейнематериалдар, презентациялар, кестелер және өзге де материалдарды қоса алғанда жаңа цифрлық контент жасауға арналған жасанды интеллект модельдерінің класы.

ЖИ сауаттылығы (AI Literacy) – жасанды интеллект жұмысының қағидаттарын түсінуді, оның нәтижелерін сыни бағалауды, онымен байланысты тәуекелдерді ұғынуды және жасанды интеллект технологияларын жауапты пайдалануды қамтамасыз ететін білім, дағды және құзыреттер жиынтығы.

ЖИ құралы – бір немесе бірнеше функцияны орындау үшін жасанды интеллект технологияларын пайдаланатын цифрлық сервис, бағдарламалық өнім, платформа, модель немесе қосымша.

Интеллектуалды оқыту жүйесі (ИОЖ) – білім беру процесін қолдау, оқытуды дербестендіру, білім беру нәтижелерін мониторингтеу және ұсынымдар қалыптастыру үшін жасанды интеллект, білім беру аналитикасы және машиналық оқыту технологияларын пайдаланатын цифрлық білім беру жүйесі.

Жасанды интеллект – ақпаратты талдау, заңдылықтарды тану, болжау, контент генерациялау, шешім қабылдауды қолдау және процестерді автоматтандыруды қоса алғанда, әдетте адамның интеллектуалдық қызметін талап ететін міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін деректерді өңдеу технологияларының, модельдері мен әдістерінің жиынтығы.

Күпия ақпарат – қызметтік, академиялық, дербес, зерттеу және өзге де қолжетімділігі шектеулі мәліметтер, олардың таратылуы немесе құқыққа қайшы пайдаланылуы университеттің, білім алушылардың, қызметкерлердің немесе үшінші тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін.

Білім беру аналитикасы (Learning Analytics) – оқыту процестерін түсіну және басқарушылық шешімдер қабылдау мақсатында білім беру деректерін талдау.

Дербес деректер – Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген мағынадағы белгілі бір немесе айқындалатын жеке тұлғаға қатысты мәліметтер.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын тұлға. Осы Ереже мақсаттары үшін пайдаланушыларға білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері және университет қызметінде жасанды интеллект жүйелерін қолданатын өзге де тұлғалар жатады.

Жасанды интеллектінің біржақтылығы (Bias) – оқыту деректерінің, алгоритмдердің немесе оны қолдану жағдайларының ерекшеліктеріне байланысты жасанды интеллект жүйесі жұмысының нәтижелеріндегі жүйелі қателер немесе бұрмалаулар.

Промпт – генеративті жасанды интеллект жүйесіне пайдаланушының мәтіндік, дыбыстық немесе өзге де сұрауы; ол міндетті, контексті және күтілетін нәтижені айқындайды.

Промпт-декларациялау – автордың (немесе сараптамалық/апелляциялық комиссия мүшесінің) материалдарды дайындау немесе сараптама жүргізу кезінде жасанды интеллект жүйелерін қолдану фактісін, көлемін және сипатын, кіріспе сұраулардың (промπτтардың) тізбесін ұсынуды және түпкілікті нәтижедегі олардың рөлін сипаттауды қамтитын ашық ашып көрсетудің және құжаттамалық тіркеудің міндетті рәсімі.

Промпт-инжиниринг – дәл және сапалы нәтижелер алу мақсатында GenAI үшін кіріс деректерін (сұраныстарды) қалыптастыру әдістері.

Іздеумен кеңейтілген генерация (PAK / RAG – Retrieval-Augmented Generation) – нақты, контекстік шартталған және іс жүзінде дұрыс жауапты

қалыптастыру үшін ЖИ-агенті верификацияланған сыртқы деректер көздеріне (нормативтік-құқықтық актілер, университеттің ішкі регламенттері мен білім базалары) жүгінетін үлкен тілдік модельдерді шығаруды оңтайландырудың технологиялық әдісі.

Жасанды интеллект жүйесі — жасанды интеллектінің бір немесе бірнеше моделі негізінде жұмыс істейтін және Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллект туралы» Заңына сәйкес ақпарат, ұсынымдар, болжамдар, шешімдер немесе қызметтің өзге де нәтижелерін қалыптастыру үшін пайдаланылатын ақпараттандыру объектісі.

Синтетикалық контент — мәтіндік, графикалық, аудиалдық, аудиовизуалдық, бағдарламалық немесе өзге де контент, жасанды интеллект жүйесі арқылы толық жасалған не оны пайдалану арқылы елеулі түрде түрлендірілген контент. Адамның қатысу дәрежесі мен жасанды интеллектіні қолдану сипаты осы Стандартта және ЖЖОКБҰ-ның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда ашып көрсетілуге тиіс.

Адам бақылауы — жасанды интеллект жүйесі қалыптастырған нәтижелерді тексеру, түсіндіру, растау, түзету немесе қабылдамау, сондай-ақ түпкілікті шешім қабылдау процесіне уәкілетті тұлғаның қатысуы.

4. Белгілер мен қысқартулар

Осы ережеде төмендегі қысқартулар қолданылады:

ЖИ – жасанды интеллект;

ИОЖ – интеллектуалды оқыту жүйесі;

LLM – үлкен тілдік модель (Large Language Model);

AI CFT – AI Competency Framework for Teachers (ЮНЕСКО-ның мұғалімдерге арналған жасанды интеллект құзыреттерінің құрылымы);

ҚР – Қазақстан Республикасы;

КеАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ОПҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

ББ – білім беру бағдарламасы;

ЖМ – Жоғары мектеп;

АО – Академиялық офис;

ЦЖИО – Цифрландыру және жасанды интеллект офисі.

5. Жасанды интеллектіні пайдаланудың негізгі қағидаттары

5.1. Зандылық қағидаты. ЖИ пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережеге, университеттің ішкі нормативтік құжаттарына, сондай-ақ жасанды интеллект этикасы саласындағы халықаралық ұсынымдарға (ЭЫДҰ, ЮНЕСКО) сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. Адамға бағдарлану қағидаты. ЖИ адам әрекетін қолдау құралы ретінде қолданылады және кәсіби пайымдауды, пайдаланушының

жауапкершілігін, сондай-ақ білім алушылардың танымдық күш-жігерін алмастырмайды. GenAI білім алушылардың ойлауын толықтырады, бірақ алмастырмайды. Студенттердің сыни және тәуелсіз ойлауын дамытуға басымдық беріледі.

5.3. Ашықтық және түсіндірмелілік қағидаты. Пайдаланушылар ЖИ қолдану жағдайлары туралы хабардар етіледі және осы Ережеде көзделген жағдайларда оны пайдалану фактісін ашуға міндетті. Студенттер мен оқытушылар ЖИ-жүйелерінің қалай жұмыс істейтінін және шешімдердің қалай қабылданатынын түсінуі керек. GenAI нәтижелерін академиялық және ғылыми жұмыстарға қосқан кезде пайдаланушы ЖИ көзін көрсетуге міндетті.

5.4. Академиялық адалдық қағидаты. ЖИ пайдалану зияткерлік қызмет нәтижелерін иемденуге, адастыруға не академиялық адалдық талаптарын бұзуға әкеп соқтырмауы тиіс.

Университет мыналарды қамтамасыз етеді:

- жазбаша және ғылыми жұмыстарды ЖИ-контентті анықтау функциясы бар антиплагиат модулі арқылы тексеруді;
- студенттік жұмыстарда синтетикалық деректерді міндетті түрде маркерлеуді және декларациялауды;
- жұмыстардағы GenAI-контенттің рұқсат етілген пайызын анықтауды.
- GenAI нәтижелерін сыни тұрғыдан қайта ойластырмай және көзін көрсетпей тікелей беру академиялық адалдықты бұзу болып саналады.

5.5. Деректерді қорғау және құпиялылық қағидаты. ЖИ пайдаланған кезде жеке деректерді, құпия ақпаратты қорғау және ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуы қамтамасыз етіледі. Деректерді жинауға және өңдеуге келісім алу, білім алушылардың ЖИ-жүйелерімен өзара іс-қимылы барысында жиналған деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету міндетті болып табылады.

5.6. Адамдық бақылау қағидаты. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарына әсер ететін түпкілікті шешімдерді адам қабылдайды. ЖИ жұмысына араласу және оның шешімдерін кері қайтарып алу құқығы сақталады. Маңызды оқу шешімдері үшін жауапкершілікті GenAI жүйелеріне беруге жол берілмейді.

5.7. Тәуекелдерді басқару қағидаты. ЖИ пайдаланған кезде құқықтық, этикалық, академиялық, ақпараттық және технологиялық тәуекелдерді бағалау және басқару жүзеге асырылады. Галлюцинациялар мен бейтараптылық тәуекелдерін азайту жүргізіледі. ЖИ-жүйелерін енгізер алдында олар бейтараптылыққа, кемсітушілікке және «галлюцинацияларға» тексеріледі.

5.8. Инклюзивтілік және тең қолжетімділік қағидаты. Университет білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамының және қызметкерлердің жасанды интеллект технологияларын қолдану мүмкіндіктеріне оқыту тіліне, денсаулық жағдайына, жеке білім алу қажеттіліктеріне және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Университет мыналарды қамтамасыз етеді:

- барлық білім алушылардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың GenAI-құралдарына тең қолжетімділігін;
- GenAI-жүйелерін гендерлік көзқарастар мен маргиналданған топтарды кемсітушіліктің болмауына тексеруді;
- есту және көру қабілеті бұзылған білім алушыларға арналған GenAI-қолжетімділік құралдарын (субтитрлер, аудиосипаттама, ымдау тілін тану) енгізуді.

5.9. Сыни ойлау мен танымдық дербестікті дамыту қағидаты. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану білім алушылардың сыни, аналитикалық және дербес ойлауын дамытуға ықпал етуі тиіс.

Жасанды интеллект білім беру қызметін қолдау құралы ретінде қарастырылады және білім алушылардың танымдық күш-жігерін, ақпаратты дербес талдауды, шешім қабылдауды және өз қорытындыларын қалыптастыруды алмастырмауы тиіс.

Университет білім алушылардың ішкі мотивациясы мен танымдық дербестігін қолдайды, GenAI-ға тәуелділіктің дамуына жол бермейді және дербес танымдық дағдыларды дамыту қажет болған жерде GenAI қолдануды шектейді.

5.10. Жасанды интеллектті этикалық пайдалану қағидаты. Жасанды интеллект технологияларын пайдаланған кезде университет ЮНЕСКО мен ЭЫДҰ-ның жасанды интеллект этикасы саласындағы ұсынымдарын басшылыққа алады.

Пайдаланушылар мыналарға міндетті:

- ЖИ-ны тек заңды және академиялық адал мақсаттарда пайдалануға;
- адам құқықтарын, жеке тұлғаның қадір-қасиетін және кемсітушілікке жол бермеу қағидаттарын сақтауға;
- ЖИ қолданудың ашықтығын қамтамасыз етуге;
- ЖИ жұмыс нәтижелерінің дұрыстығын тексеруге;
- авторлық құқық және зияткерлік меншікті қорғау талаптарын сақтауға.
- GenAI пайдалану студенттің танымдық күш-жігерін алмастыру үшін емес, оқуды байыту үшін таңдамалы және мақсатты түрде жүзеге асырылуы тиіс. ЖИ-технологияларды енгізу кезінде жаңашылдықтарды тәуелсіз ғылыми зерттеулермен негіздеу көзделеді.

5.11. Адамдық жауапкершілікті сақтау қағидаты. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану дәрежесіне қарамастан, қабылданатын шешімдерге, жасалатын материалдардың мазмұнына, білім беру, ғылыми, әкімшілік және өзге де қызмет нәтижелеріне жауапкершілікті жасанды интеллект жүйесінің пайдаланушысы көтереді.

ЖИ пайдалану пайдаланушыны алынған нәтижелерге сыни баға беру, олардың дұрыстығын тексеру және түпкілікті шешімді өз бетінше қабылдау міндетінен босатпайды.

5.12. AI-сауаттылықты дамыту қағидаты. Университет білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамының және қызметкерлердің жасанды интеллект технологияларын жауапты, қауіпсіз, тиімді және этикалық пайдалануға оқыту арқылы AI-сауаттылығын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Университет:

- техникалық дағдыларды гуманитарлық аспектілермен ұштастыра отырып, ЖИ этикасы бойынша оқу курстарын әзірлейді;
- ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде этикалық аспектілерді ескеру мәселелері бойынша зерттеушілерді даярлауды қамтамасыз етеді;
- жоспарлар мен жарияланымдарға этикалық компонентті қосуды талап етеді;
- білім алушыларды GenAI жинайтын деректер және оларды пайдалану сипаты туралы хабардар етеді.

5.13. ЖИ қолданған кездегі тілдік саясат қағидаты. Университет GenAI-құралдарын таңдаған кезде қазақ тілін сапалы өңдеуді, оның ішінде қазақ тіліндегі мәтіндерді түсінуді, генерациялауды және аударуды қамтамасыз ететін жүйелерге басымдық береді.

Университет қазақ тіліндегі контент үшін нәтижелер сапасын орыс немесе ағылшын тіліндегімен салыстырғанда жүйелі түрде төмендететін GenAI-құралдарын пайдалануға жол бермейді.

5.14. Педагогикалық мақсаттылық және қауіпсіздік қағидаты. Кәметке толмағандардың қатысуымен қолданылатын GenAI-құралдары педагогикалық мақсаттылыққа және контент қауіпсіздігіне алдын ала тексеруден өтеді.

6. Жасанды интеллектіні білім беру, ғылыми және әкімшілік қызметте пайдалану қағидалары

6.1. Жасанды интеллектіні пайдаланудың жалпы қағидалары.

6.1.1. Университетте жасанды интеллект Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережеге және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес пайдаланылады.

6.1.2. Пайдаланушы жасанды интеллектті пайдалану нәтижесінде алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан бағалауға, тексеруге және қажет болған жағдайда олардың дұрыстығын растауға міндетті. Пайдаланушы аталған нәтижелердің дұрыстығына, нақтылығына, заңдылығына, қойылған мақсаттарға сәйкестігіне, Қазақстан Республикасы заңнамасының, академиялық адалдық қағидаттарының және осы Ереженің талаптарына сәйкестігіне жауапты болады.

6.1.3. Жасанды интеллектті пайдалану кезінде пайдаланушыларға:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Ереженің және университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын бұзуға;

- академиялық адалдық қағидаттарын, авторлық және сабақтас құқықтарды бұзуға;
- жасанды интеллектті білім беру, ғылыми, оқу-әдістемелік немесе өзге де қызмет нәтижелерін қолдан жасау, бұрмалау немесе өзгерту мақсатында пайдалануға;
- жасанды интеллекттің көмегімен толықтай немесе басым бөлігінде жасалған материалдарды осы Ереженің талаптарын сақтамай, өзінің зияткерлік қызметінің нәтижесі ретінде ұсынуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын, анық емес, заңсыз, жаңылыстыратын немесе кемсітушілік сипаттағы ақпаратты және өзге де контентті жасау, тарату немесе пайдалану үшін жасанды интеллектті қолдануға;
- білімді бақылаудың белгіленген рәсімдерін, оқу нәтижелерін бағалауды, жұмыстардың дербес орындалуын тексеруді және академиялық адалдықты қамтамасыз етудің өзге де тетіктерін айналып өту мақсатында жасанды интеллектті пайдалануға;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Ереженің және университеттің дербес деректерді қорғау мен ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын бұза отырып, дербес деректерді, құпия, қызметтік немесе қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпаратты енгізуге, беруге немесе пайдалануға тыйым салынады.

6.1.4. Жасанды интеллектті пайдалануды декларациялау тәртібі осы ереженің 7-бөлімінде айқындалады.

6.1.5. Жасанды интеллект университетте білім беру, ғылыми, оқу-әдістемелік, әкімшілік және басқарушылық қызметтің сапасын арттыруға арналған қосалқы құрал ретінде ғана пайдаланылады. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану білім алушылардың дербес зияткерлік қызметін, оқытушының кәсіби пайымдауын немесе қызметкердің қабылдайтын шешімдері үшін жауапкершілігін алмастырмауға тиіс.

6.1.6. Білім алушының құқықтарына, міндеттеріне, академиялық мәртебесіне, оқу нәтижелерін бағалауға, қорытынды аттестаттауға жіберілуіне, шәкіртақы тағайындауға, тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға немесе жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға елеулі әсер ететін шешімдер уәкілетті тұлғаның міндетті қатысуынсыз және тексеруінсіз тек қана жасанды интеллект жүйесінің негізінде қабылданбауға тиіс.

6.1.7. Жасанды интеллекттің көмегімен жасалған контентті автоматты түрде анықтау жүйелерінің (AI-детекторлардың) нәтижелері академиялық адалдық қағидаттарының бұзылғаны туралы қорытынды жасау үшін дербес әрі жеткілікті негіз болып табылмайды. Мұндай нәтижелер жұмыстың мазмұнын талдауды, ауызша қорғауды, ұсынылған материалдарды, промпттарды және

жұмыстың дербес орындалғанын растайтын өзге де дәлелдерді қарауды қамтитын қосымша тексеру жүргізуге негіз ретінде қарастырылады.

6.1.8. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану кезінде университеттің рұқсат етілген жасанды интеллект жүйелерінің тізіліміне енгізілген немесе қауіпсіздік, дербес деректерді қорғау, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін жасанды интеллект құралдарын пайдалану ұсынылады.

6.2. Білім алушылардың жасанды интеллектіні пайдалануы.

6.2.1. Білім алушылар осы Ережеде, пәннің силлабусында немесе нақты тапсырманың талаптарында тыйым салынбаған жағдайда, оқу тиімділігін арттыру, өздігінен дайындалу, ақпаратты іздеу, тексеру, талдау және сыни бағалау, идеяларды қалыптастыру, материалдарды құрылымдау, мәтіндерді тексеру және редакциялау, аудару, деректерді визуализациялау, бастапқы нұсқаларды дайындау, бағдарламалау, тілдік, коммуникативтік және кәсіби құзыреттерді дамыту, білімін өзіндік тексеру және өзге де оқу тапсырмаларын орындау мақсатында жасанды интеллектті қосалқы құрал ретінде пайдалануға, сондай-ақ ЖИ-агенттерді, білім беру ассистенттерін, AI-тренерлерді және зияткерлік оқыту жүйелерін пайдалануға құқылы.

6.2.2. Жасанды интеллектті пайдалану білім алушының дербес оқу қызметін алмастырмауға, керісінше, сыни ойлауын, зерттеушілік дағдыларын дамытуға және негізделген шешімдер қабылдау қабілетін қалыптастыруға ықпал етуге тиіс. Ұсынылатын нәтижелер білім алушының жеке үлесін, оқу материалын меңгеру деңгейін және тиісті құзыреттерінің қалыптасуын көрсетуге тиіс.

6.2.3. Білім алушы жасанды интеллектіні оқытушы, пән силлабусы, тапсырма шарттары және осы ереже айқындаған көлемде және нысандарда ғана пайдалануға құқылы.

6.2.4. Білім алушы жасанды интеллектті пайдалану нәтижесінде алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға, тексеруге және қажет болған жағдайда оны сенімді ғылыми, білім беру және нормативтік дереккөздермен салыстырып тексеруге міндетті, сондай-ақ оны пайдалану нәтижелері үшін жауапты болады.

6.2.5. Емтихандар, тестілеу, бақылау іс-шаралары және оқыту нәтижелерін бағалаудың өзге де нысандары кезінде жасанды интеллектіні пайдалану оқытушы, пән силлабусы немесе нақты тапсырма шарттары тікелей көздеген жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

6.2.6. Эссе, реферат, есеп, жоба, курстық жұмыс, дипломдық жұмыс, магистрлік және докторлық диссертацияларды қоса алғанда жазбаша жұмыстарды орындау кезінде жасанды интеллект тек көмекші құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін және автордың дербес жұмысын алмастыра алмайды.

6.2.7. Жасанды интеллектіні деректерді ойдан құрастыру немесе бұрмалау, жалған дереккөздер жасау, зерттеу нәтижелерін қолдан жасау, жалған сілтемелер генерациялау, жұмыстардың түпнұсқалығын тексеру жүйелерін айналып өту,

сондай-ақ оқытушыны немесе білім беру процесінің өзге қатысушыларын жаңылыстыру үшін пайдалану академиялық адалдықты бұзу болып табылады.

6.2.8. Осы ережеде, пән силлабусында немесе тапсырма шарттарында көзделген жағдайларда білім алушы жасанды интеллектіні пайдалануды осы ереженің 7-бөлімінде белгіленген тәртіппен декларациялауға міндетті.

6.2.9. Тапсырманың талаптарында, пәннің силлабусында немесе осы Ереженің талаптарында көзделген жағдайларда білім алушы оқытушының талабы бойынша пайдаланылған промпттарды, жасанды интеллект жүйесімен өзара әрекеттесу тарихын немесе жұмыстың дербес орындалғанын және жасанды интеллекттің қолданылу сипатын растайтын өзге де материалдарды ұсынуға міндетті.

6.2.10. Жасанды интеллектті пайдалану кезінде білім алушы пәннің силлабусында белгіленген оқытушының талаптарын, оның ішінде жасанды интеллектті пайдаланудың рұқсат етілген және тыйым салынған сценарийлерін, оны декларациялау тәртібін және оқу тапсырмасын орындаудың өзге де талаптарын сақтауға міндетті.

6.3. Профессор-оқытушы құрамының жасанды интеллектіні пайдалануы.

6.3.1. Оқытушылар осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, жасанды интеллектті, оның ішінде ЖИ-агенттерді, зияткерлік білім беру жүйелерін және цифрлық ассистенттерді оқу, оқу-әдістемелік және бағалау материалдарын әзірлеу, цифрлық және интерактивті білім беру ресурстарын дайындау, білім беру процесін ұйымдастыру және дараландыру, білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, білім алушыларға консультациялық қолдау көрсету, жеке білім беру траекторияларын сүйемелдеу, оқу нәтижелерін талдау, сондай-ақ білім беру технологияларын жетілдіру мақсатында пайдалануға құқылы.

6.3.2. Жасанды интеллектіні пайдалану оқытушының кәсіби педагогикалық пайымын, пән мазмұнына, бағалаудың объективтілігіне және оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге қатысты жауапкершілігін алмастырмауы тиіс.

Жасанды интеллектті пайдалану кезінде оқытушы жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы дайындалған материалдардың дұрыстығын, өзектілігін, ғылыми негізділігін және білім беру мақсаттарына сәйкестігін тексеруге міндетті.

6.3.3. Пән силлабустарын әзірлеу кезінде оқытушы білім алушылардың жасанды интеллектіні пайдалану тәртібі мен рұқсат етілетін нысандарын айқындайды. Силлабусқа жасанды интеллектіні пайдалануға рұқсат ету деңгейлерін енгізу ұсынылады:

- 0-деңгей – ЖИ пайдалануға тыйым салынады;
- 1-деңгей – ЖИ ақпарат, идеялар іздеу және өзіндік дайындық үшін рұқсат етіледі;

– 2-деңгей – ЖИ материалдарды редакциялау, аудару, құрылымдау және рәсімдеу үшін рұқсат етіледі;

– 3-деңгей – ЖИ міндетті дербес қайта өңдеумен бастапқы материалдарды дайындау үшін рұқсат етіледі;

– 4-деңгей – ЖИ пайдалану тапсырманы орындаудың міндетті элементі болып табылады және талдау, жобалау немесе зерттеу объектісі ретінде қарастырылады.

Жасанды интеллектіні пайдалануға рұқсат етілетін деңгейлердің ұсынылатын матрицасы осы ереженің Б қосымшасында берілген.

6.3.4. Пән силлабусында сондай-ақ мыналарды айқындау ұсынылады:

– жасанды интеллектіні пайдалану рұқсат етілетін, шектелетін немесе тыйым салынатын сценарийлер;

– осы ереженің 7-бөліміне сәйкес жасанды интеллектіні пайдалануды декларациялау талаптары;

– білім алушының жұмысты дербес орындағанын растау нысандары (ауызша қорғау, бастапқы материалдарды, промпттарды, пайдаланылған дереккөздерді, жұмысты дайындау кезеңдерін талдау және тексерудің өзге де тәсілдері);

– академиялық адалдық талаптары бұзылған жағдайларда әрекет ету шаралары.

6.3.5. Оқытушы оқу, оқу-әдістемелік немесе бағалау материалдары толықтай немесе елеулі дәрежеде генеративті жасанды интеллектті пайдалану арқылы дайындалған жағдайда, бұл туралы білім алушыларды хабардар етуге, сондай-ақ аталған материалдардың білім беру бағдарламасының мазмұнына және оқу нәтижелеріне сәйкестігін тексеруді қамтамасыз етуге міндетті.

6.3.6. Тесттерді, үй тапсырмаларын, жазбаша жұмыстарды және оқытудың өзге де нәтижелерін автоматтандырылған бағалау үшін жасанды интеллектіні пайдаланған кезде оқытушы бағалаудың объективтілігі мен әділдігін, сондай-ақ нәтижелерді адам тарапынан тексеру және қайта қарау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

6.3.7. Осы ереже талаптарының бұзылғаны анықталған жағдайда оқытушы Академиялық саясатта, Университеттің Академиялық адалдық кодексінде, пән силлабусында және университеттің өзге ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

6.3.8 Оқытушы педагогикалық бақылауды және қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілікті сақтай отырып, консультациялар өткізу, білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, жеке білім беру траекторияларын сүйемелдеу және дараланған кері байланысты қалыптастыру кезінде жасанды интеллект технологияларын пайдалануға құқылы.

6.3.9 Оқытушы жасанды интеллект технологияларын қолдану саласындағы өз құзыреттерін тұрақты түрде жетілдіруге, осы Ереженің талаптарын және

университеттің жасанды интеллектті жауапты пайдалану жөніндегі ұсынымдарын сақтауға, сондай-ақ жасанды интеллект технологиялары саласындағы біліктілікті арттыру іс-шараларына қатысуға міндетті.

6.4. Университет қызметкерлерінің жасанды интеллектіні пайдалануы.

6.4.1. Университет қызметкерлері жасанды интеллектіні әкімшілік, ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметтің тиімділігін арттыру үшін, оның ішінде өтінімдерді өңдеу, есептер мен ресми құжаттарды дайындау, ақпаратты жүйелеу, іс-шараларды жоспарлау, кестелер жасау, өтініштерді талдау, сондай-ақ талапкерлерге, білім алушыларға, түлектерге және университет қызметкерлеріне ақпараттық қолдау көрсету үшін пайдалануға құқылы.

Университет қызметкерлері осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, құжат айналымын автоматтандыру, өтініштер мен жүгінімдерді өңдеу, деректерді талдау, талдамалық материалдарды дайындау, құрылымдық бөлімшелердің қызметін жоспарлау, университет ресурстарын басқару және әкімшілік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында ЖИ-агенттерді, зияткерлік ақпараттық жүйелерді және цифрлық ассистенттерді пайдалануға құқылы.

6.4.2. Әкімшілік қызметте жасанды интеллектіні пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы ереже және дербес деректерді қорғау, ақпараттық қауіпсіздік, қызметтік құпия және қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпарат саласындағы университеттің ішкі нормативтік құжаттары талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

6.4.3. Жасанды интеллектті ресми құжаттарды, талдамалық материалдарды және басқарушылық шешімдердің жобаларын дайындау кезінде пайдаланған жағдайда қызметкер оларды қызметтік қызметте қолданғанға немесе басшылықтың қарауына ұсынғанға дейін алынған нәтижелердің дұрыстығын, толықтығын, өзектілігін, нақтылығын және олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Ереженің және университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексеруге міндетті.

6.4.4. Білім алушылардың, университет қызметкерлерінің немесе өзге тұлғалардың құқықтарына, заңды мүдделеріне немесе міндеттеріне қатысты шешімдерді уәкілетті тұлғаның қатысуынсыз және тексеруінсіз тек жасанды интеллект жұмысының нәтижелері негізінде қабылдауға жол берілмейді.

6.4.5. Университеттің құрылымдық бөлімшелері жаңа жасанды интеллект жүйелері мен құралдарын енгізуді олардың қауіпсіздігін, құқыққа сай пайдаланылуын, қолдану орындылығын, Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы ереженің және университеттің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін бағалағаннан кейін ғана жүзеге асыра алады.

6.4.6. Сыртқы (бұлттық) жасанды интеллект сервистерін пайдаланған кезде қызметкерлерге дербес деректерді, қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді, қызметтік ақпаратты және өзге де құпия ақпаратты беруге тыйым салынады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, университеттің ішкі нормативтік құжаттарында немесе тиісті жасанды интеллект жүйесін пайдалану шарттарында өзгеше көзделмесе.

6.4.7. Жасанды интеллектті ресми құжаттарды, талдамалық материалдарды немесе басқарушылық шешімдердің жобаларын дайындау кезінде пайдаланған жағдайда, тиісті шешім қабылдау үшін қажет болған кезде қызметкер алынған нәтижелерді қалыптастыру кезінде пайдаланылған ақпарат көздерінің тексерілу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

6.4.8. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде университет қызметкерлері негізінен университеттің рұқсат етілген ЖИ-құралдарының тізіліміне енгізілген немесе белгіленген тәртіппен мақұлданған жасанды интеллект жүйелерін пайдаланады.

6.4.9. Университет қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттері шегінде жасанды интеллект технологияларын қауіпсіз, жауапты және тиімді қолдану саласындағы құзыреттерін тұрақты түрде арттыруға және осы Ереженің талаптарын сақтауға міндетті.

6.5. Ғылыми қызметте жасанды интеллектіні пайдалану.

6.5.1. Ғылыми қызметте жасанды интеллектіні пайдалану ғылыми адалдық, ашықтық, нәтижелердің қайта өндірілуі, этикалық жауапкершілік, дербес деректерді қорғау және осы Ереже талаптарын сақтау қағидаттары негізінде рұқсат етіледі.

6.5.2. Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде жасанды интеллект ғылыми ақпаратты іздеу, талдау және жүйелеу, деректерді өңдеу және визуализациялау, модельдер мен болжамдар құру, библиографиялық материалдар дайындау, ғылыми мәтіндерді редакциялау және аудару, алгоритмдер, бағдарламалық код, цифрлық зерттеу құралдарын әзірлеу, сондай-ақ өзге де зерттеу міндеттерін шешу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Жасанды интеллектті ғылыми материалдарды іздеу, талдау және дайындау кезінде пайдаланған жағдайда зерттеуші ғылыми дереккөздердің дұрыстығын, библиографиялық сілтемелердің нақтылығын, жарияланымдардың өзектілігін және пайдаланылатын ақпараттың зерттеудің тақырыбына, мақсаттарына және пәніне сәйкестігін тексеруге міндетті.

6.5.3. Жасанды интеллектіні пайдалану зерттеушіні ғылыми талдауды дербес жүргізу, алынған нәтижелерді түсіндіру, қорытындылар тұжырымдау, олардың шынайылығын, ғылыми негізділігін және қайта өндірілуін қамтамасыз ету міндетінен босатпайды.

6.5.4. Барлық ғылыми қағидалар, қорытындылар, ұсынымдар және зерттеу нәтижелері автор тарапынан дербес тұжырымдалып, негізделуі тиіс. Жасанды

интеллект зерттеушінің ғылыми ойлауын, сараптамалық бағасын және авторлық жауапкершілігін алмастыра алмайды.

6.5.5. Жасанды интеллектіні дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды, ғылыми мақалаларды, монографияларды, ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есептерді толық орындау үшін, сондай-ақ ғылыми деректерді, зерттеу нәтижелерін, ақпарат көздерін және библиографиялық мәліметтерді ойдан құрастыру, бұрмалау, өзгерту немесе манипуляциялау үшін пайдалануға жол берілмейді.

6.5.6. Дербес деректерді немесе қолжетімділігі шектеулі өзге ақпаратты қамтитын ғылыми деректерді өңдеу үшін жасанды интеллектіні пайдаланған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Ереже және университеттің ішкі нормативтік құжаттары талаптары сақталуы тиіс. Қажет болған жағдайда мұндай деректер өңдеу басталғанға дейін иесіздендірілуі (анонимизациялануы) қажет.

Дербес деректерді, биометриялық деректерді, кәмелетке толмаған адамдарға қатысты деректерді немесе өзге де сезімтал санаттағы ақпаратты қамтитын ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде жасанды интеллектті пайдалану Қазақстан Республикасы заңнамасының және зерттеу этикасы қағидаттарының талаптарын сақтай отырып, ал университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда – университеттің Зерттеу этикасы мәселелері жөніндегі комиссиясының шешімдерін ескере отырып жүзеге асырылады.

6.5.7. Ғылыми қызметте жасанды интеллектіні пайдалану алынған нәтижелерді тексеру, құжаттау және қайта өндіру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Жасанды интеллектіні пайдалануды декларациялау тәртібі осы Ереженің 7-бөлімінде айқындалады.

Ғылыми ұйымдардың, баспалардың, ғылыми журналдар редакцияларының талаптарында немесе ғылыми жобаны орындау шарттарында көзделген жағдайларда зерттеуші пайдаланылған промпттарды, жасанды интеллект жүйесімен өзара әрекеттесуінің сипаттамасын немесе зерттеу жүргізу барысында жасанды интеллектті қолданудың сипаты мен көлемін растайтын өзге де материалдарды ұсынуға міндетті.

6.5.8. Ғылыми зерттеу нәтижелерін дайындау және жариялау кезінде автор ғылыми ұйымдардың, баспалардың, ғылыми журнал редакцияларының және ғылыми қызметте жасанды интеллектіні пайдалану мәселелерін реттейтін өзге де ұйымдардың талаптарын сақтауға міндетті.

Ғылыми зерттеулерді гранттық, бағдарламалық-нысаналы немесе халықаралық қаржыландыру шеңберінде орындау кезінде зерттеуші грант берушінің, шарттың, конкурстық құжаттаманың және зерттеулер жүргізу барысында жасанды интеллект технологияларын пайдалануды реттейтін өзге де құжаттардың талаптарын сақтауға міндетті.

6.6. Генеративті жасанды интеллектіні пайдалану.

6.6.1. ChatGPT, Gemini, Claude, Copilot, Perplexity, Midjourney, DALL·E, Stable Diffusion және өзге де ұқсас жүйелерді қоса алғанда, генеративті жасанды интеллект университетте тек көмекші құрал ретінде қолданылады.

6.6.2. Генеративті жасанды интеллект идеяларды іздеу және генерациялау, ақпаратты құрылымдау, жоспарлар жасау, бастапқы материалдар дайындау, мәтіндерді редакциялау және аудару, иллюстрациялық материалдар, бағдарламалық код жасау, ашық деректерді талдау, оқу және әдістемелік материалдарды дайындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережеге және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін өзге де міндеттерді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Генеративті жасанды интеллектті пайдалану кезінде пайдаланушы алынған нәтижелерді білім беру, ғылыми, оқу-әдістемелік немесе әкімшілік қызметте қолданғанға дейін оларды сыни тұрғыдан бағалауға, тексеруге және қажет болған жағдайда түзетуге міндетті.

Пайдаланушы генеративті жасанды интеллекттің қателер, дәлсіздіктер, ойдан шығарылған мәліметтер («галлюцинациялар») қалыптастыруы ықтимал екенін және оның өзге де шектеулерін ескеруге міндетті әрі алынған нәтижелерді сенімді дереккөздер бойынша тексермей пайдалануға құқылы емес.

6.6.3. Генеративті жасанды интеллектіні мына мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді:

- оқу, ғылыми, біліктілік немесе өзге де жұмыстарды автордың орнына толық орындау;
- толық немесе басым бөлігі жасанды интеллект арқылы генерацияланған материалдарды өзінің зияткерлік қызметінің нәтижесі ретінде ұсыну;
- ғылыми деректерді, дереккөздерді, сілтемелерді, зерттеу нәтижелерін және өзге де материалдарды ойдан құрастыру немесе бұрмалау;
- жалған құжаттар, пікірлер, мінездемелер, жалған дәлелдемелер және өзге де сенімсіз материалдар жасау;
- жұмыстардың түпнұсқалығын тексеру жүйелерін және академиялық адалдықты бақылаудың өзге құралдарын айналып өту;
- оқытушының рұқсатынсыз емтихан, тест және бақылау тапсырмаларын орындау;
- дербес деректерді, құпия, қызметтік немесе қолжетімділігі шектеулі өзге ақпаратты ашық жасанды интеллект жүйелеріне жүктеу;
- дипфейктерді, сондай-ақ жаңылыстыратын немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын синтетикалық аудио-, бейне- немесе графикалық материалдарды жасауға;
- генеративті жасанды интеллектті тиісті рұқсатсыз академиялық жұмыстарды, жарияланбаған ғылыми материалдарды, университеттің ішкі құжаттарын немесе өзге де қорғалатын деректерді сыртқы жасанды интеллект модельдерін оқыту немесе қайта оқыту мақсатында беру үшін пайдалануға;

– Қазақстан Республикасының заңнамасын, үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын немесе кемсітушілік, құқыққа қайшы не этикаға жат мазмұнды қамтитын материалдар жасау.

6.6.4. Жасанды интеллект оқу, ғылыми, әдістемелік немесе өзге де жұмыстың авторы не бірлескен авторы ретінде көрсетіле алмайды. Жұмыстың мазмұны, шынайылығы, түпнұсқалығы және академиялық адалдық талаптарының сақталуы үшін жауапкершілік жұмыс авторына жүктеледі.

6.6.5. Генеративті жасанды интеллектті пайдалану дәрежесіне қарамастан, мазмұнының дұрыстығы, нақтылығы, оны пайдаланудың заңдылығы және академиялық адалдық талаптарының сақталуы үшін жауапкершілік тиісті жасанды интеллект жүйесін пайдаланған пайдаланушыға жүктеледі.

7. Жасанды интеллектіні пайдалануды декларациялау және академиялық адалдықты қамтамасыз ету

7.1. Университеттің білім беру, ғылыми, әдістемелік және өзге де қызметінде жасанды интеллектіні пайдалану академиялық адалдық, адалдық, дербестік, ашықтық, жауапкершілік және зияткерлік еңбекке құрмет қағидаттарына сәйкес болуы тиіс.

7.2. Пайдаланушы жасанды интеллектіні қолдану оқу, ғылыми, әдістемелік немесе өзге жұмыстың мазмұнына, құрылымына, нәтижелеріне, қорытындыларына немесе рәсімделуіне елеулі ықпал еткен жағдайларда оны пайдалануды декларациялауға міндетті.

7.3. Жасанды интеллектіні пайдалануды декларациялау мына мәліметтерді көрсету арқылы жүзеге асырылады:

- жасанды интеллект жүйесінің атауы;
- әзірлеуші немесе платформа (бар болса);
- жүйе нұсқасы (бар болса);
- қолдану мақсаты;
- пайдалану сипаты (идеялар генерациялау, ақпаратты талдау, редакциялау, аудару, бағдарламалық код жасау, визуализация, деректерді өңдеу және т.б.).

7.3.1. Генеративті жасанды интеллектті пайдалану кезінде пайдаланушы жұмыстың дербес орындалуын бағалау үшін жеткілікті көлемде жасанды интеллектті қолданудың көлемі мен сипатын ашып көрсетуге міндетті.

7.4. Қажет болған жағдайда, сондай-ақ осы Ережеде, пәннің силлабусында, ғылыми ұйымның, баспаның немесе ғылыми журнал редакциясының талаптарында көзделген жағдайларда пайдаланылған промпттар, материалдардың қайта өңделу көлемі, нәтижелерді тексеру тәсілдері және жасанды интеллектті пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз ететін өзге де мәліметтер қосымша көрсетіледі.

7.5. Жазбаша оқу, ғылыми және әдістемелік жұмыстарда жасанды интеллектіні пайдалану туралы мәліметтер кіріспеде, «Әдіснама» бөлімінде, ескертпеде, жеке декларацияда немесе білім беру бағдарламасының, баспаның, ғылыми ұйымның немесе ғылыми журнал редакциясының талаптарына сәйкес жұмыстың өзге бөлімінде көрсетілуі мүмкін. Жасанды интеллектіні пайдалану туралы декларацияның ұсынылатын нысаны осы Ереженің А қосымшасында берілген.

7.6. Жасанды интеллект тек төмендегі мақсаттарда қолданылған жағдайда декларациялау талап етілмейді:

- орфографияны, пунктуацияны және грамматиканы тексеру үшін;
- мәтінді автоматты түрде пішімдеу үшін;
- жекелеген сөздерді, сөз тіркестерін немесе мәтіннің жекелеген бөліктерін техникалық аудару үшін;
- әдебиеттерді, нормативтік құжаттарды, өзге де ашық ақпарат көздерін іздеу немесе жасанды интеллектті жаңа мазмұн қалыптастырмай және оның жұмыс нәтижелерін қорытынды жұмыстың мазмұнына енгізбей анықтамалық-іздістіру құралы ретінде пайдалану үшін;
- жұмыстың мазмұнына елеулі әсер етпейтін өзге де техникалық операцияларды орындау үшін.

7.7. Жасанды интеллектіні пайдалану кезінде академиялық адалдықты бұзу деп мыналар танылады:

- толық немесе басым бөлігі жасанды интеллект арқылы жасалған нәтижелерді өзінің зияткерлік қызметі ретінде ұсыну;
- жасанды интеллектті пайдалану туралы декларациялау кезінде оны пайдаланудың сипаты, көлемі немесе пайдаланылу фактісі туралы дұрыс емес мәліметтерді көрсету;
- жасанды интеллект қалыптастырған жалған немесе шын мәнінде жоқ библиографиялық дереккөздерді, сілтемелерді, нормативтік құжаттарды немесе өзге де мәліметтерді оларды тексермей пайдалану;
- тиісті рұқсатсыз емтихан, тест және өзге бақылау іс-шараларын орындау кезінде жасанды интеллектіні пайдалану;
- деректерді, дереккөздерді, зерттеу нәтижелерін немесе өзге материалдарды ойдан құрастыру, бұрмалау немесе өзгерту;
- жұмыстардың түпнұсқалығын тексеру жүйелерін айналып өту үшін жасанды интеллектіні пайдалану;
- егер бұл бағалау нәтижелеріне, жұмыс мазмұнына немесе зерттеу қорытындыларына ықпал етуі мүмкін болса, жасанды интеллектіні елеулі пайдалану фактісін жасыру;
- жалған құжаттар, қолтаңбалар, кескіндер, аудио-, бейнематериалдар немесе өзге де сенімсіз материалдар жасау үшін жасанды интеллектіні пайдалану;

– автордың келісімінсіз немесе өзге заңды негіздерсіз зияткерлік қызмет нәтижелерін қамтитын бөтен жұмыстарды жасанды интеллект жүйелеріне жүктеу.

7.8. Жұмыстардың түпнұсқалығын тексеру жүйелері мен ЖИ-контентті анықтау модульдерін пайдаланған кезде автоматты тексеру нәтижелері академиялық адалдықты бұзудың жалғыз және жеткілікті дәлелі ретінде қарастырыла алмайды. Шешім жұмыс мазмұнын, автордың түсіндірмелерін, тапсырма сипатын және оқытушының немесе комиссияның сараптамалық қорытындысын кешенді бағалау негізінде, адам бақылауы қағидатын міндетті сақтай отырып қабылданады.

7.8.1 Академиялық адалдық талаптарының ықтимал бұзылуы туралы мәселені қарау кезінде пайдаланушыға түсіндірмелерді, жұмыстың бастапқы нұсқаларын (черновиктерін), пайдаланылған промпттарды, жасанды интеллект жүйесімен өзара әрекеттесу тарихын және жұмыстың дербес орындалғанын растайтын өзге де дәлелдерді ұсыну мүмкіндігі берілуге тиіс.

7.9. Осы Ереже талаптарын бұзғаны үшін пайдаланушыларға университеттің Академиялық саясатында, Академиялық адалдық кодексінде, пән силлабусында және университеттің өзге ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін.

7.10. Жасанды интеллектіні пайдалану білім алушылар мен университет қызметкерлерінің сыни ойлауын, зерттеу мәдениетін, дербестігін, цифрлық сауаттылығын және жасанды интеллект саласындағы құзыреттерін дамытуға ықпал етуі тиіс.

8. Дербес деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздік

8.1. Университетте ЖИ пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер, ақпараттандыру, ақпараттық қауіпсіздік туралы заңнамасының және университеттің ішкі нормативтік құжаттарының талаптары сақталуы қажет.

8.2. Алдын ала анонимизациясыз және өңдеуге заңды негізсіз білім алушылардың, қызметкерлердің және үшінші тұлғалардың дербес деректерін ашық, жария немесе тегін ЖИ жүйесілерге енгізуге, жүктеуге немесе беруге тыйым салынады.

8.3. Арнайы негіздерсіз ашық ЖИ жүйелеріне жүктеуге тыйым салынатын дербес және құпия деректерге мыналар жатады: Т.А.Ә.; ЖСН; тұрғылықты мекенжайлар; байланыс деректері; үлгерім туралы мәліметтер; бағалар; мінездемелер; денсаулық жағдайы туралы деректер; биометриялық деректер; жеке құжаттар; қаржылық мәліметтер; қызметтік құжаттар; ішкі есептер; жабық деректер базалары; тәртіптік іс жүргізу материалдары; қолжетімділігі шектеулі өзге де мәліметтер.

8.4. ЖИ қолдана отырып дербес деректерді өңдеу қажет болған жағдайда ақпараттық қауіпсіздік бағалауынан өткен корпоративтік, жергілікті немесе өзге де қорғалған ЖИ жүйесілер пайдаланылуы тиіс.

8.5. Деректерді ЖИ жүйесілерде пайдаланар алдында пайдаланушы деректердің иесіздендірілгеніне, құпия ақпаратты қамтымайтынына және құқыққа сай өңделуі мүмкін екеніне көз жеткізуге міндетті.

8.5.1. Жасанды интеллектті пайдалану кезінде нақты өңдеу мақсатына қол жеткізу үшін қажетті және жеткілікті көлемдегі ғана дербес деректер өңделуге тиіс.

8.6. Құпиялылық пен қауіпсіздік шарттары түсініксіз ЖИ құралдарын пайдалануға жол берілмейді, егер олар пайдаланушылардың деректерін сақтаса, берсе немесе пайдаланса.

8.6.1. Шетелдік бұлттық жасанды интеллект жүйелерін (ChatGPT, Gemini, Claude, Copilot, Perplexity, DeepSeek, Qwen және өзге де ұқсас сервистер) пайдаланған кезде дербес деректерді, қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді, қызметтік ақпаратты және өзге де құпия ақпаратты беруге тыйым салынады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, университеттің ішкі нормативтік құжаттарында немесе тиісті жасанды интеллект жүйесін пайдалану шарттарында өзгеше көзделмесе.

8.6.2. Білім беру, ғылыми және әкімшілік міндеттерді орындау үшін деректерді қорғаудың жоғары деңгейін, ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын және қолжетімділікті орталықтандырылған басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін корпоративтік, білім беру немесе өзге де лицензиялық жасанды интеллект жүйелерін пайдалану ұсынылады.

8.6.3. Жасанды интеллект жүйелерін таңдау кезінде университет Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректерді өңдеуді және сақтауды қамтамасыз ететін, оның ішінде деректерді қорғау жөніндегі шарттық кепілдіктері бар немесе деректерді өңдеудің жергілікті инфрақұрылымын пайдаланатын сервистерге басымдық береді.

8.7. Дербес деректермен байланысты ғылыми зерттеулерде ЖИ пайдаланған кезде заңнамада және этикалық талаптарда көзделген жағдайда ақпараттандырылған келісім алынуы қажет.

8.8. Білім алушылардың мінез-құлқын, үлгерімін немесе белсенділігін мониторингтеу, болжау және бағалау үшін ЖИ пайдалану тек құқықтық негіз, ашық хабардар ету және деректерді барынша азайту қағидаты сақталған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

8.9. ЖИ пайдаланушылар деректердің жылыстауы, құқыққа қайшы қолжетімділік, дұрыс өңделмеу немесе ақпараттық қауіпсіздіктің өзге де инциденттері анықталған жағдайда университеттің жауапты бөлімшесін дереу хабардар етуге міндетті.

8.9.1. Жасанды интеллектіні пайдаланумен байланысты қателер, дұрыс емес ұсынымдар, кемсітушілік белгілері, құпиялылықтың бұзылуы немесе өзге де инциденттер анықталған жағдайда университеттің жауапты бөлімшесі инцидентті қарауды, ықтимал салдарын бағалауды, туындау себептерін айқындауды және осындай жағдайлардың алдын алу жөніндегі ұсыныстарды дайындауды ұйымдастырады.

8.9.2. Жасанды интеллектті пайдалана отырып ақпаратты өңдеу аяқталғаннан кейін пайдаланушы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережеде немесе университеттің ішкі нормативтік құжаттарында өзгеше көзделмесе, уақытша жүктелген деректерді жоюға міндетті.

8.10. Білім алушылардың биометриялық деректерін жинауды, өңдеуді немесе талдауды көздейтін ЖИ-прокторинг жүйелерін қолдану білім алушының жазбаша немесе электрондық нысанда берілген алдын ала жеке ақпараттандырылған келісімі болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

8.11. Келісімде жиналатын деректердің құрамы, оларды өңдеу мақсаттары, сақтау мерзімдері, қолжетімділік тәртібі және жою тәртібі туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

8.12. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, университет бағалау рәсімі аяқталғаннан және апелляциялық шағымдану мерзімдері өткеннен кейін биометриялық деректердің жойылуын қамтамасыз етеді.

9. Университеттің білім беру үдерісінде интеллектуалды оқыту жүйелерін пайдалану

9.1. Интеллектуалды оқыту жүйелері (ИОЖ) университетте білім беру процесін қолдау, білім беру қажеттіліктерін диагностикалау, оқытуды дербестендіру, жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру, білім беру прогресін мониторингтеу, оқу контентін генерациялау және педагогикалық шешімдер қабылдауды қолдау үшін жасанды интеллект, білім беру аналитикасы, генеративті жасанды интеллект және машиналық оқыту технологияларын пайдаланатын цифрлық жүйелер ретінде қолданылады.

9.1.1. Интеллектуалды оқыту жүйелері (ИОЖ) Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Ереженің талаптарын және дербес деректерді қорғау қағидаттарын сақтай отырып, білім алушылардың цифрлық іздерін талдау, оқу процесіндегі қиындықтарды айқындау, білім алушыларды қолдау жөнінде ұсынымдар қалыптастыру және білім беру процесін жетілдіру мақсатында білім беру аналитикасы (Learning Analytics) технологияларын пайдалана алады.

9.2. ИОЖ пайдалану кезінде сәйкестендіру, білім беру, мінез-құлық, техникалық және өзге де деректерді өңдеуге тек алдын ала айқындалған, заңды, педагогикалық, ғылыми және әдістемелік тұрғыдан негізделген мақсаттар үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат етіледі. Білім алушылардың деректерін коммерциялық профильдеу, кемсітушілік іріктеу, білім беру мүмкіндіктерін автоматты түрде шектеу, жария рейтингтеу, стигматизациялау немесе адамның қатысуынсыз түпкілікті шешім қабылдау үшін пайдалануға жол берілмейді.

9.3. Интеллектуалды оқыту жүйесі қалыптастырған кез келген ұсынымдар, болжамдар, жеке білім беру траекториялары, білім беру аналитикасының нәтижелері және өзге де қорытындылар ұсынымдық сипатқа ие болады және педагогикалық, ұйымдастырушылық немесе өзге де шешімдерді қабылдау үшін жалғыз негіз ретінде пайдаланылмайды. Мұндай нәтижелерді пайдаланғанға дейін олар оқытушы немесе университеттің өзге де уәкілетті қызметкері тарапынан адами бақылау қағидатын міндетті түрде сақтай отырып бағалануға және тексерілуге тиіс.

9.3.1. Білім алушы өзінің білім беру қызметіне қатысты шешімдер қабылдау кезінде интеллектуалды оқыту жүйесінің қолданылғаны туралы хабардар болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде көзделген жағдайларда тиісті жүйені пайдалану сипаты туралы түсіндірмелер алуға құқылы.

9.4. Интеллектуалды оқыту жүйелерін пайдалану білім алушыларды тіл, жыныс, жас, денсаулық жағдайы, әлеуметтік мәртебе, білім алу мүмкіндіктері немесе білім беру мақсаттарына қатысы жоқ өзге де белгілер бойынша алгоритмдік кемсітуге әкелмеуі тиіс.

9.5. Білім алушылардың диагностикалық, психологиялық-педагогикалық, болжамдық және өзге де сезімтал деректері күшейтілген қорғауға жатады. Мұндай деректерді жинау және өңдеу заңды негіздер, педагогикалық немесе зерттеу қажеттілігі болған және ақпаратты қорғаудың тиісті ұйымдастырушылық және техникалық шаралары қолданылған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

9.6. Интеллектуалды оқыту жүйелерін пайдалану кезіндегі тәуекелдерді басқару.

9.6.1. Интеллектуалды оқыту жүйесін енгізгенге дейін оны пайдаланумен байланысты ықтимал педагогикалық, этикалық, құқықтық, ақпараттық және технологиялық тәуекелдерге алдын ала бағалау жүргізіледі.

9.6.2. Бағалау нәтижелері бойынша интеллектуалды оқыту жүйелері тәуекелдің төмендегі санаттарының біріне жатқызылуы мүмкін:

- ең төмен тәуекел – пайдаланылуы білім алушылардың құқықтарына және білім беру процесінің нәтижелеріне елеулі ықпал етпейтін жүйелер;
- шектеулі тәуекел – қосымша ұйымдастырушылық және әдістемелік бақылау шараларын сақтауды талап ететін жүйелер;
- жоғары тәуекел – жұмысының нәтижелері білім беру процесіне, білім алушылардың академиялық мәртебесіне немесе қабылданатын педагогикалық шешімдерге елеулі ықпал етуі мүмкін жүйелер;

– жол берілмейтін тәуекел – пайдаланылуы Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін, академиялық адалдық қағидаттарын немесе ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзуға әкелуі мүмкін жүйелер.

9.6.3. Жоғары тәуекел санатына жатқызылған интеллектуалды оқыту жүйелерін пайдалану жүйе қалыптастырған нәтижелерді тексеру, түсіндіру, растау немесе түзетуді қамтамасыз ететін міндетті адам бақылауы болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

9.6.4. Жол берілмейтін тәуекел санатына жатқызылған интеллектуалды оқыту жүйелерін университетте пайдалануға тыйым салынады.

9.6.5 Университет интеллектуалды оқыту жүйелерінің тиімділігіне, сенімділігіне, қауіпсіздігіне және олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Ереженің және университеттің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігіне мерзімді бағалау жүргізеді.

9.6.6 Интеллектуалды оқыту жүйелерін пайдалану барысында университет қалыптастырылатын ұсынымдардың сапасына мониторинг жүргізеді, қателерді, жүйелі бұрмалануларды (bias), дұрыс емес қорытындыларды және өзге де тәуекелдерді уақтылы анықтайды, сондай-ақ оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

10. Университетте жасанды интеллектіні қолдануды қамтамасыз ету шаралары

10.1. Ұйымдастырушылық және әдістемелік шаралар.

10.1.1. Университет білім беру, ғылыми, әкімшілік және басқарушылық қызметте жасанды интеллектіні қауіпсіз, тиімді және жауапты қолдану үшін ұйымдастырушылық, құқықтық, әдістемелік және технологиялық жағдайлар жасайды.

10.1.2. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерді және технологиялардың дамуын ескере отырып, жасанды интеллектіні қолдануды реттейтін жергілікті нормативтік құжаттарды өзектендіруді қамтамасыз етеді.

10.1.3. Пән силлабустарында, тапсырмаларда және бағалау өлшемшарттарында жасанды интеллектіні пайдаланудың рұқсат етілетін нысандары айқындалуы мүмкін.

10.1.4. Университет жасанды интеллектіні жауапты пайдалану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды, нұсқаулықтарды, жадынамаларды және өзге де материалдарды әзірлейді әрі өзектендіреді.

10.1.5. Қажет болған жағдайда университет жасанды интеллектіні қолдану мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарын, семинарларды, тренингтерді және консультацияларды ұйымдастырады.

10.2. Техникалық және технологиялық шаралар.

10.2.1. Университет жасанды интеллектіні қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті цифрлық инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз етеді.

10.2.2. Жасанды интеллект жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ету үшін университет қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді, есептеу ресурстарын, желілік инфрақұрылымды және өзге де техникалық құралдарды ұсынады.

10.2.3. Университет деректердің жылыстауын, рұқсатсыз қолжетімділікті және жасанды интеллект жүйелерін құқыққа қайшы пайдалануды болдырмауға бағытталған ақпараттық қауіпсіздіктің ұйымдастырушылық және техникалық шараларын іске асырады.

10.2.4. Жасанды интеллект жүйелерін тандау кезінде университет олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау талаптарына, университеттің білім беру, ғылыми және басқарушылық мақсаттарына сәйкестігін, сондай-ақ оларды қауіпсіз, жауапты әрі тиімді пайдалану мүмкіндігін ескереді.

10.2.5. Жасанды интеллекттің жаңа жүйесін енгізер алдында оны университеттің білім беру, ғылыми, әкімшілік және басқарушылық қызметінде пайдалану мүмкіндігін, шарттары мен шектеулерін айқындау мақсатында алдын ала бағалау жүргізіледі.

10.2.6. Жасанды интеллект жүйесіне алдын ала бағалау жүргізу кезінде мынадай өлшемшарттар ескеріледі:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі;
- ақпараттық қауіпсіздік деңгейі және дербес деректердің қорғалуы;
 - құпиялылық саясаты және деректерді өңдеу, сақтау және беру шарттары;
 - адами бақылау тетіктерінің болуы;
 - жүйенің жұмысын аудиттеу және мониторингтеу тетіктерінің болуы;
 - нәтижелердің сенімділігі, дұрыстығы және қайта жаңғыртылуы;
 - қателерге, «галлюцинацияларға», жүйелі бұрмалануларға (bias) және өзге де тәуекелдерге төзімділігі;
 - қазақ және орыс тілдерін өңдеу сапасы;
 - лицензиялау және пайдалану шарттары;
 - университеттің білім беру, ғылыми және басқарушылық мақсаттарына сәйкестігі.

10.2.7. Алдын ала бағалау нәтижелері бойынша төмендегі шешімдердің бірі қабылданады:

- жүйені пайдалануға рұқсат беру;
- белгіленген шектеулермен пайдалануға рұқсат беру;
- жүйені қосымша тексеруге жіберу;
- енгізуден бас тарту.

10.3. Академиялық адалдықты қамтамасыз ету.

10.3.1. Университет жасанды интеллектіні пайдалану кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға жағдай жасайды.

10.3.2. Жұмыстарды дербес орындауды тексеру осы Ереженің 7-бөліміндегі талаптарды сақтай отырып мәтіндердің түпнұсқалығын тексеру жүйелері, ЖИ-контентті анықтау модульдері және өзге де бақылау құралдары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

10.3.3. Пайдаланушылар жасанды интеллектіні қолдану арқылы алынған нәтижелердің шынайылығы, дұрыстығы және құқыққа сай пайдаланылуы үшін жеке жауапты болады.

10.4. Білім беру шаралары және құзыреттерді дамыту.

10.4.1. Университет ЖИ-ді жауапты пайдалану мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

10.4.2. Білім алушылар, ОПК және қызметкерлер үшін ЖИ бойынша тренингтер мен семинарлар өткізілуі мүмкін.

10.4.3. Білім беру процесіне білім беру, ғылым және кәсіби қызметтегі ЖИ-ге арналған пәндер, модульдер немесе тақырыптар енгізілуі мүмкін.

10.5. Этикалық бақылау және мониторинг.

10.5.1. Университет білім беру, ғылыми және әкімшілік қызметте ЖИ қолдануға этикалық бақылауды қамтамасыз етеді.

10.5.2. ЖИ жүйесілерді енгізу кезінде біржақтылық, кемсітушілік, адам құқықтарының бұзылуы, деректердің бұрмалануы және негізсіз автоматтандырылған шешім қабылдау тәуекелдері ескерілуі қажет.

10.5.3. ЖИ білім алушылардың үлгерімін мониторингтеу немесе болжау үшін пайдаланылған кезде білім алушылар мұндай өңдеудің мақсаттары, тәсілдері және ықтимал салдары туралы хабардар етілуі тиіс.

10.5.4. Өздеріне қатысты ЖИ пайдалану арқылы шешімдер қабылданатын білім алушылар автоматтандырылған өңдеу тәртібі және оның салдары туралы ақпарат алуға құқылы.

10.5.5. Университет ЖИ пайдалану арқылы қабылданған немесе дайындалған шешімдерді адам тарапынан қайта қарау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

10.5.6. Жасанды интеллект жүйесі жұмысының қате, сенімсіз, кемсітушілік немесе өзге де нәтижелері анықталған жағдайда университет тиісті жағдайды жауапты бөлімшенің қарауын ұйымдастырады, мұндай жүйені пайдалану шарттарын түзету немесе қолдануды тоқтату туралы шешім қабылдайды және қажет болған жағдайда оның рұқсат етілген ЖИ құралдар тізіліміндегі мәртебесін қайта қарауды бастайды.

10.5.7. Университет пайдаланылатын жасанды интеллект жүйелеріне тұрақты түрде (жылына кемінде бір рет) аудит жүргізеді. Аудит нәтижелердің дұрыстығын, жүйенің жұмыс тұрақтылығын, «галлюцинациялардың» пайда болу тәуекелдерін, жүйелі бұрмалануларды (bias), Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және университеттің білім беру мақсаттарына сәйкестігін бағалауды қамтиды.

10.5.8. Аудит нәтижелері рұқсат етілген жасанды интеллект құралдарының тізілімін өзектендіру, университеттің ішкі нормативтік құжаттарын жетілдіру, әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және университетте жасанды интеллектті қолдану сапасын арттыру мақсатында пайдаланылады.

10.6. ЖИ қолдану кезіндегі тіл саясаты.

10.6.1. ЖИ құралдарын таңдау кезінде университет қазақ және орыс тілдерін сапалы өңдеуді, соның ішінде мәтіндерді түсінуді, генерациялауды, аударуды және редакциялауды қамтамасыз ететін жүйелерге басымдық береді.

10.6.2. Қазақтілді контент бойынша нәтижелер сапасын орыс немесе ағылшын тіліндегі контентпен салыстырғанда жүйелі түрде төмендететін ЖИ құралдарын институционалдық пайдалануға жол берілмейді.

10.6.3. ЖИ қолдану арқылы оқу, ғылыми және әкімшілік материалдарды әзірлеу кезінде пайдаланушы қазақ және орыс тілдеріндегі терминологияның дұрыстығын, мағыналық дәлдігін және стилистикалық сәйкестігін тексеруге міндетті.

10.7. Рұқсат етілген ЖИ құралдарының тізілімі.

10.7.1. Университет білім беру, ғылыми, әкімшілік және басқарушылық қызметте қолдануға ұсынылатын немесе рұқсат етілетін ЖИ құралдарының тізілімін қалыптастырады және өзектендіреді.

10.7.2. ЖИ құралын тізілімге енгізу кезінде мыналар ескеріледі:

- құралдың мақсаты;
- деректерді өңдеу және сақтау шарттары;
- құпиялылық саясатының болуы;
- қазақ және орыс тілдерімен жұмыс сапасы;
- нәтижелердің сенімділігі және тексерілуі;
- галлюцинация, біржақтылық және кемсітушілік тәуекелдері;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының және университеттің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі.

10.7.3. Тізілімге енгізілмеген ЖИ құралдарын пайдалану осы ереже талаптарын және дербес, құпия және қызметтік деректерді беруге тыйым салуды сақтаған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

10.7.4. Жасанды интеллект жүйесін тізілімге енгізу туралы шешімді ақпараттық қауіпсіздік, құқықтық қамтамасыз ету және білім сапасын қамтамасыз етуге жауапты бөлімшелермен бірлесіп Цифрландыру және жасанды интеллект офисі қабылдайды.

10.7.5. Жасанды интеллект жүйесін тізілімге енгізуге осы Ереженің 10.2.5–10.2.7-тармақтарында көзделген алдын ала бағалау нәтижелері негіз болады.

10.7.6. Цифрландыру және жасанды интеллект офисі Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерді, технологиялардың дамуын, оларды пайдалану мониторингінің нәтижелерін және анықталған тәуекелдерді

ескере отырып, рұқсат етілген жасанды интеллект жүйелері тізілімін жылына кемінде бір рет қайта қарайды.

10.7.7. Жасанды интеллект жүйесі тізілімнен мына жағдайларда шығарылуы мүмкін:

- ақпараттық қауіпсіздікке қатерлер анықталған кезде;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген кезде;
- нәтижелер сапасы елеулі төмендеген кезде;
- жол берілмейтін тәуекелдер анықталған кезде;
- әзірлеуші тарапынан қолдау тоқтатылған немесе оны қауіпсіз қолдануға кедергі келтіретін пайдалану шарттары өзгерген кезде.

10.8. ОПК-ны ЖИ саласында даярлау.

10.8.1. Университет ЮНЕСКО AI CFT кәсіби дамудың үш деңгейлі моделін ескере отырып профессор-оқытушылар құрамының жасанды интеллект саласындағы біліктілігін арттыруды ұйымдастырады:

– Acquire – базалық ЖИ сауаттылығы, ЖИ мүмкіндіктерін, шектеулері мен тәуекелдерін түсіну;

– Deepen – ЖИ-ді педагогикалық стратегияларға, бағалауға, кері байланысқа және білім алушыларды сүйемелдеуге интеграциялау;

– Create – ЖИ қолданудың өзіндік білім беру шешімдерін, әдістемелерін, саясаттары мен практикаларын әзірлеу.

10.8.2. ОПК біліктілігін арттыру промпт-инжиниринг, академиялық адалдық, ЖИ этикасы, дербес деректерді қорғау, ЖИ нәтижелерін сыни тексеру және ЖИ қолданылатын тапсырмаларды жобалау мәселелерін қамтиды.

10.8.3. Университет білім беру процесінде ЖИ пайдаланудың үздік практикаларын жинақтауды және таратуды қамтамасыз етеді.

10.8.4. Университет жасанды интеллектті қолданудың үздік тәжірибелерінің электрондық банкін қалыптастырады және жүргізеді. Аталған банкке әдістемелік материалдар, жасанды интеллектті қолдану мысалдары, үлгілік промпттар, табысты кейстер және білім беру, ғылыми және әкімшілік қызметте жасанды интеллектті жауапты қолдану жөніндегі ұсынымдар енгізіледі.

10.9. Университет жасанды интеллект технологияларын дамыту және қолдану жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және жыл сайын өзектендіреді. Аталған жоспар цифрлық инфрақұрылымды дамыту, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, жасанды интеллект технологияларын енгізу, ЖИ-сауаттылықты (AI Literacy) дамыту, жергілікті нормативтік құжаттарды жетілдіру және жасанды интеллектті қолдану тиімділігіне мониторинг жүргізу жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

10.9.1. Іс-шараларды іске асыру нәтижелері бойынша университет жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ішкі талдамалық есеп

қалыптастырады. Есепте қол жеткізілген нәтижелер, анықталған тәуекелдер, үздік тәжірибелер және жасанды интеллект технологияларын одан әрі дамыту бағыттары туралы мәліметтер қамтылады.

11. ЖИ қолдану нәтижесінің алгоритмі

11.1. Білім беру, ғылыми немесе әкімшілік процеске қатысушы ЖИ қолдану мақсатын айқындайды және оны пайдаланудың осы Ережеге, пән силлабусына, тапсырма шарттарына және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігін тексереді.

11.2. Пайдаланушы жоспарланған ЖИ қолдану рұқсат етілген, шектелген немесе тыйым салынған пайдалану түрлеріне жататынын айқындайды.

11.3. Жасанды интеллектті пайдаланар алдында пайдаланушы енгізілетін ақпараттың құрамында дербес деректердің, құпия, қызметтік немесе қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпараттың бар-жоғын тексеруге міндетті. Мұндай деректер болған жағдайда пайдаланушы оларды иесіздендіруге (анонимдеуге) немесе ашық жасанды интеллект жүйесін пайдаланудан бас тартуға міндетті.

11.4. Пайдаланушы ЖИ құралын тандайды, оның мақсатын, шектеулерін, пайдалану шарттарын, тәуекелдерін және мақсатқа сәйкестігін бағалайды.

11.6. ЖИ пайдалану кезінде пайдаланушы ЖИ құралының атауын, қолдану мақсатын, жүгіну күнін, орындалған операция түрін, алынған нәтиженің сипатын және материалды өз тарапынан қайта өңдеу дәрежесін тіркейді.

11.7. Жасанды интеллектті пайдалану арқылы алынған нәтиже оның дұрыстығына, нақтылығына, дәлдігіне, нақты қателердің, бұрмалаулардың, жүйелі бұрмалану (bias) белгілерінің, кемсітушіліктің, авторлық құқықтардың бұзылуының және академиялық адалдық талаптарының сақталуына міндетті түрде тексерілуге тиіс.

Қателер, дұрыс емес мәліметтер, жүйелі бұрмалану (bias) белгілері, авторлық құқықтардың бұзылуы немесе өзге де кемшіліктер анықталған жағдайда пайдаланушы жасанды интеллекттің тиісті нәтижелерін пайдаланғанға дейін оларды толықтыруға, түзетуге немесе оларды пайдаланудан бас тартуға міндетті.

11.8. Қажет болған жағдайда пайдаланушы өз түзетулерін, толықтыруларын, дәлелдерін, талдауын және қорытындыларын енгізеді.

11.9. Оқу, ғылыми, әдістемелік немесе әкімшілік жұмыстың нәтижесін ұсыну кезінде пайдаланушы белгіленген тәртіппен жасанды интеллекттің пайдаланылғаны туралы ақпаратты ашады және осы Ереженің 7-бөліміне сәйкес жасанды интеллектті пайдалану туралы декларациялауды жүзеге асырады.

11.10. Егер ЖИ бағалау, мониторинг, болжау немесе басқарушылық шешім дайындау үшін пайдаланылса, түпкілікті шешімді университеттің жауапты тұлғасы қабылдайды.

11.10.1. Жасанды интеллект жұмысының нәтижелерін тексеруді қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда немесе олардың дұрыстығына елеулі күмән туындаған кезде мұндай нәтижелерді пайдалануға жол берілмейді.

11.11. Даулы жағдайлар туындаған кезде білім беру процесіне қатысушы осы Ережеде және университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен нәтижені қайта қарау туралы өтініш беруге құқылы. Жасанды интеллектіні қолдану алгоритмі осы Ереженің В қосымшасында келтірілген.

12. Жасанды интеллект жүйелерін пайдалана отырып қабылданған шешімдер бойынша өтініштерді қарау тәртібі

12.1. Білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері және білім беру процесінің өзге де қатысушылары өздерінің құқықтарына, заңды мүдделеріне немесе академиялық мәртебесіне әсер ететін, жасанды интеллект жүйесінің көмегімен толық немесе ішінара дайындалған не оның жұмыс нәтижелері ескеріле отырып қабылданған шешімді, ұсынымды, бағаны, қорытындыны немесе өзге де нәтижені қайта қарау туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

12.2. Қайта қарауға мыналар жатады:

- автоматтандырылған бағалау нәтижелері;
- жазбаша жұмыстарды тексеру нәтижелері;
- жұмыстардың түпнұсқалығын тексеру жүйелері мен ЖИ-контентті анықтау модульдерінің қорытындылары;
- интеллектуалды оқыту жүйелерінің жұмыс нәтижелері;
- үлгерім мониторингінің нәтижелері мен академиялық тәуекелдерді болжау нәтижелерін қамтитын білім беру аналитикасының (Learning Analytics) нәтижелері;
- жасанды интеллект жүйелерін пайдалана отырып дайындалған ұсынымдар;
- жасанды интеллект жүйелерін пайдалана отырып дайындалған басқарушылық және әкімшілік шешімдердің жобалары, егер олар білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне әсер ететін болса;
- толық немесе ішінара жасанды интеллект жүйелерін пайдалана отырып дайындалған не олардың жұмыс нәтижелері ескеріле отырып қабылданған және білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарына, заңды мүдделеріне немесе академиялық мәртебесіне әсер ететін өзге де шешімдер, ұсынымдар, қорытындылар немесе нәтижелер.

12.3. Қайта қарау туралы өтініш университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде білім беру бағдарламасының басшысының, Жоғары мектеп деканының, құрылымдық бөлімше басшысының немесе жетекшілік ететін проректордың атына жазбаша немесе электрондық нысанда беріледі, егер университеттің ішкі нормативтік құжаттарында өзгеше тәртіп белгіленбесе.

12.4. Өтінішті қарау уәкілетті лауазымды тұлға немесе комиссия тарапынан жасанды интеллект жүйесінің қолданылу дұрыстығын, осы Ереже талаптарының және адам бақылауы қағидатының сақталуын міндетті тексере отырып жүзеге асырылады.

12.5. Өтінішті қарау кезінде мыналар ескеріледі:

- немесе қабылданған шешімнің сипаты;
- жасанды интеллект жүйесін пайдалану шарттары;
- ақпаратты автоматтандырылған өңдеу нәтижелері;
- ЖИ-контентті анықтау құралдарымен тексеру нәтижелері (бар болса);
- ұсынылған материалдардың мазмұны;
- өтініш берушінің түсіндірмелері;
- өтініш беруші ұсынған промпттар, жасанды интеллект жүйесімен өзара әрекеттесу тарихы, жұмыстың бастапқы нұсқалары (черновиктері) немесе жасанды интеллектті пайдалану сипатын растайтын өзге де дәлелдер (бар болған жағдайда).
- жасанды интеллектіні пайдалануды декларациялау туралы мәліметтер (бар болса);
- оқытушының, комиссияның немесе өзге уәкілетті тұлғаның сараптамалық бағасы.

12.6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе университеттің ішкі нормативтік құжаттарында өзге мерзім белгіленбесе, өтініш тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаралады.

12.6.1. Қажет болған жағдайда уәкілетті тұлға немесе комиссия өтінішті объективті қарау үшін қосымша құжаттарды, түсіндірмелерді, материалдарды, промпттарды, жасанды интеллект жүйесімен өзара әрекеттесу тарихын немесе өзге де қажетті мәліметтерді сұратуға құқылы.

12.6.2. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай материалдарға қол жеткізу шектелген жағдайларды қоспағанда, дауланып отырған шешімді қабылдауға негіз болған материалдармен танысуға құқылы.

12.7. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша өтініш берушіге қабылданған шешім мен оның негіздемесі көрсетілген уәжді жауап жолданады.

12.7.1. Өтінішті қарау кезінде адам тарапынан тексеру жүргізілместен, тек қана жасанды интеллект жүйесінің жұмыс нәтижелеріне немесе ЖИ-контентті автоматты түрде анықтау құралдарының нәтижелеріне негізделіп шешім қабылдауға жол берілмейді.

12.8. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша жасанды интеллект жүйесін пайдалана отырып дайындалған шешім:

- өзгеріссіз қалдырылуы;
- өзгертілуі;
- күші жойылуы;

- қайта тексеруге жіберілуі;
- уәкілетті тұлғаның немесе комиссияның қосымша қарауына берілуі мүмкін.

12.9. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша түпкілікті шешімді университеттің уәкілетті лауазымды тұлғасы немесе комиссиясы ғана қабылдайды және ол тек қана жасанды интеллект жүйесімен не оның автоматтандырылған өңдеу нәтижелері негізінде адам тарапынан қараусыз қабылданбауға тиіс.

13. Ережені сақтау бойынша жауапкершілік, бақылау және мониторинг

13.1. Осы Ереженің талаптарының сақталуына білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және жасанды интеллект жүйелерінің өзге де пайдаланушылары өздерінің өкілеттіктері мен функционалдық міндеттері шегінде жауапты болады.

13.2. Білім алушылар оқу жұмыстарын дербес орындауы, ұсынылатын материалдардың дұрыстығы, академиялық адалдық талаптарының сақталуы, жасанды интеллектті пайдалануды дұрыс декларациялауы және осы Ереженің талаптарын сақтауы үшін жауапты болады.

13.3. Профессор-оқытушылар құрамы білім беру процесінде жасанды интеллектті пайдаланудың рұқсат етілген нысандарын айқындау, бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету, академиялық адалдық қағидаттары мен осы Ереженің талаптарын сақтау, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын пайдалану кезінде адами бақылауды қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

13.4. Университет қызметкерлері әкімшілік қызметте жасанды интеллектті қауіпсіз, заңды және жауапты пайдалану, дербес деректерді қорғау, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау, дайындалған материалдардың дұрыстығы және осы Ереженің талаптарын сақтау үшін жауапты болады.

13.5. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары өздеріне бағынысты бөлімшелердің қызметінде осы Ереженің талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді, өз құзыреті шегінде жасанды интеллектті қолдануға бақылау ұйымдастырады және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

13.6. Осы Ереженің талаптарының сақталуын бақылауды Цифрландыру және жасанды интеллект офисі Академиялық офиспен, Білім беру сапасын қамтамасыз ету және аккредиттеу орталығымен, ақпараттық қауіпсіздікке, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелермен, сондай-ақ Жоғары мектептер мен білім беру бағдарламаларының басшыларымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

13.7. Цифрландыру және жасанды интеллект офисі:

- университетте жасанды интеллектті қолдану тәжірибесіне мониторинг жүргізеді;

- рұқсат етілген жасанды интеллект жүйелерінің (құралдарының) тізілімін жүргізеді және өзектендіреді;
- жасанды интеллектті қолдануға мониторинг пен аудит жүргізуді үйлестіреді;
- осы Ережені, ішкі нормативтік құжаттарды және жасанды интеллектті қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындайды.

13.8. Академиялық офис білім беру бағдарламаларының басшыларымен бірлесіп осы Ереженің талаптарын білім беру процесіне енгізуді, оның ішінде оларды пәндердің силлабустарында, оқу тапсырмаларында, бағалау критерийлерінде және әдістемелік материалдарда көрсетуді қамтамасыз етеді.

13.9. Білім беру сапасын қамтамасыз ету және аккредиттеу орталығы осы Ереженің талаптарының сақталуына мониторинг жүргізеді, олардың білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінде қолданылу нәтижелерін талдайды және оларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындауға қатысады.

13.10. Университеттің құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жасанды интеллект технологияларын қолдануға жүргізілген мониторинг пен аудит барысында анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ тиісті ұсынымдардың орындалуына бақылау жүзеге асырады.

13.11. Осы Ереженің талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу және жасанды интеллект жүйелерін қолдануға аудит жүргізу осы Ереженің 10-бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

13.12. Осы Ереженің талаптарын бұзуға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына, университеттің Академиялық саясатына, Академиялық адалдық кодексіне, университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарына және тиісті білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес жауаптылықта болады.

13.13. Осы Ереже Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне, жасанды интеллект саласындағы жаңа нормативтік құқықтық актілердің қабылдануына, университеттің ішкі нормативтік құжаттарының өзгеруіне, сондай-ақ мониторинг пен аудит нәтижелерін және жасанды интеллект технологияларының дамуын ескере отырып, жасанды интеллект технологияларын қолдану практикасын жетілдіру қажеттілігі туындаған жағдайда міндетті түрде қайта қаралуға жатады.

Жасанды интеллектті пайдалану туралы декларацияның нысаны
Оқу, ғылыми, әдістемелік немесе өзге де жұмысты орындау кезінде
жасанды интеллектті пайдалану туралы
ДЕКЛАРАЦИЯ

1. Жалпы мәліметтер

Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты: _____

Білім беру бағдарламасы: _____

Курс / топ: _____

Пән: _____

Оқытушы: _____

Жұмыс түрі:

- | | |
|--|---|
| ☐ эссе | ☐ магистрлік диссертация |
| ☐ реферат | ☐ докторлық диссертация |
| ☐ жоба | ☐ есеп |
| ☐ курстық жұмыс | ☐ презентация |
| ☐ дипломдық жұмыс | ☐ бағдарламалық код |
| ☐ өзге _____ | |

Силлабусқа сәйкес жасанды интеллектті пайдалану деңгейі (0–4): _____

2. Жасанды интеллектті пайдалану туралы мәліметтер

2.1. Қандай жасанды интеллект жүйелері (құралдары) пайдаланылды?
(атауы, нұсқасы (бар болған жағдайда), платформасы, пайдаланылған күні)

2.2. Жасанды интеллектті пайдалану мақсаты

- | | |
|--|---|
| ☐ ақпарат іздеу | ☐ аудару |
| ☐ идеялар генерациялау | ☐ визуализациялау |
| ☐ жоспар құру | ☐ бағдарламалау |
| ☐ ақпаратты талдау | ☐ деректерді өңдеу |
| ☐ материалды құрылымдау | ☐ өзге _____ |
| ☐ мәтінді редакциялау | |

2.3. Жұмысты дайындаудың қай кезеңдерінде жасанды интеллект пайдаланылды?

- | | |
|--|--|
| ☐ ақпарат іздеу | ☐ мәтінді тексеру |
| ☐ бастапқы (черновик) нұсқасын дайындау | ☐ визуализациялау |
| ☐ ақпаратты талдау | ☐ бағдарламалау |
| ☐ редакциялау | ☐ өзге _____ |

2.4. Негізгі промпттардың (2–5 сұраныстың) мысалдары немесе жасанды интеллект жүйесімен өзара әрекеттесу тарихына сілтеме (бар болған жағдайда)

3. Жасанды интеллект нәтижелерін тексеру

3.1. Жасанды интеллектті пайдалану арқылы алынған нәтижелер қандай тәсілдермен тексерілді?

(фактілерді, ғылыми дереккөздерді, нормативтік құжаттарды, сілтемелерді, есептеулерді, дәйексөздерді, құқықтық және этикалық аспектілерді және т.б. тексеру)

4. Автордың дербес үлесі

4.1. Сіздің дербес үлесіңіз неден тұрады?

(міндет қою, талдау, нәтижелерді түсіндіру, қорытындылар жасау, материалдарды қайта өңдеу, соңғы редакциялау және т.б.)

4.2. Жасанды интеллект арқылы алынған нәтижелерге өзгерістер, толықтырулар немесе дербес қайта өңдеу жүргізілді ме?

☐ Иә

☐ Жоқ

Егер иә болса, қысқаша сипаттаңыз:

5. Академиялық адалдықтың бақылау парағы

Сұрақ

Иә Жоқ

Жасанды интеллектті пайдалануға тапсырма талаптарында (силлабуста) рұқсат етілген бе?

☐ ☐

Пайдаланылған ЖИ-құралдары, оларды пайдалану мақсаты мен сипаты көрсетілді ме?

☐ ☐

Жасанды интеллект қалыптастырған фактілер, сілтемелер, нормативтік құжаттар және қорытындылар тексерілді ме?

☐ ☐

Жасанды интеллект нәтижелері нақты қателердің, жүйелі бұрмалану (bias) белгілерінің, авторлық құқықтардың бұзылуының және академиялық адалдық талаптарының сақталуына тексерілді ме?

☐ ☐

Материалдарды пайдалану кезінде авторлық және сабақтас құқықтар бұзылған жоқ па?

☐ ☐

Жұмыстың дербес орындалғанын растауға, пайдаланылған промпттарды ұсынуға және жұмысты қорғау кезінде жасанды интеллектті пайдалану процесін түсіндіруге дайынмын ба?

☐ ☐

6. Декларация

Осы жұмысты орындау барысында жасанды интеллект технологияларын тек университеттің «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ-ның Жасанды интеллектті пайдалану туралы ережесінде, тапсырма талаптарында және (немесе) пәннің силлабусында көзделген көлемде және тәртіппен пайдаланғандымды растаймын.

Алынған нәтижелердің дұрыстығы мен нақтылығын өз бетімше тексергенімді, жұмысты орындауға жеке зияткерлік үлес қосқандымды және ұсынылған жұмыстың мазмұны, дұрыстығы, нақтылығы, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, авторлық құқықты, академиялық адалдық қағидаттарын және Жасанды интеллектті пайдалану туралы ереженің талаптарын сақтау үшін дербес жауапкершілік көтеретінімді растаймын.

Білім алушының қолы _____

Күні «__» _____ 20__ ж.

ЖИ пайдалану деңгейлерінің матрицасы

Өлшемшарт	0	1	2	3	4
Деңгей	Тыйым салынады	Ең төмен	Шектеулі	Кеңейтілген	Міндетті
Рұқсат етілетін пайдалану	Рұқсат етілмейді	Ақпарат, идеялар іздеу	Редакциялау, аудару	Бастапқы мәтіндер, талдау	ЖИ тапсырма бойынша міндетті
Декларациялау	Жоқ	Жоқ*	Иә	Иә	Иә
Адам бақылауы	-	Толық	Жоғары	Міндетті	Міндетті

* Егер ЖИ тек техникалық көмек үшін (орфография, форматтау және т.б.) пайдаланылса, декларациялау талап етілмейді.

Келісу парағы

Лауазымы	Тегі аты, әкесінің аты	Күні	Қолы
Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Жумабекова А.Б.		
Басқарма мүшесі – даму және студенттермен жұмыс жөніндегі проректор	Ильясов С.К.		
Цифрландыру және жасанды интеллект офисінің басшысы	Рахимбаев М.М.		
Академиялық офистің басшысы	Жакиенова А.А.		
Жаратылыстану жоғару мектебінің деканы	Убайдуллаева Н.А.		
Педагогика жоғару мектебінің деканы	Жапарова Б.М.		
Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы	Каримова А.Е.		
Өнер және спорт жоғары мектебінің деканы	Лебедева В.И.		